

**«БТА ИПОТЕКА»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЕГІНДЕГІ
ИПОТЕКАЛЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ
ҮШІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТИСІ**

**Алматы
2006 жыл**

Облигациялардың осы шығарылымы «БТА Ипотека» акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен 2005 жылдың 24 маусымын да тіркелген №В64 облигациялық бағдарламасының проспектісімен сәйкес жүзеге асырылады.

Шығарылым құрылымы:

- 1) **Облигация түрі:** купонды, қамтамасыз етілген (ипотекалық);
- 2) **шығарылатын облигациялардың саны мен облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:**

шығарылатын облигациялар саны: 40 000 000 (Қырық миллион) дана;

облигациялар шығарылымының жалпы көлемі: 4 000 000 000 (төрт миллиард) теңге;

- 3) **бір облигацияның номиналды құны:** 100 (жүз) теңге;
- 4) **облигациялар бойынша сыйақы:**

Облигациялар бойынша сыйақы ставкасы бірінші купондық кезеңге жылдық есеппен 8,5% құрайды. Екінші купонды кезеңнен бастап облигациялар бойынша сыйақы ставкасы (жылдық пайызбен) қалқымалы болады және төмендегідей есептеледі:

[ставка белгіленетін немесе қарастырылатын айдың алдындағы ай үшін тұтыну бағаларының индексі жылдық көріністе (соңғы 12 айда)] минус [100] плюс 0,1.

Тұтыну бағаларының индексінің атауы, есептеу алгоритмі, т.б. өзгерген жағдайда, купонды сыйақыны есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі белгілейтін эквивалентті көрсеткіш қолданылатын болады.

Сыйақы ставкасы Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша тұтыну бағаларының индексінің өзгеруіне сәйкес айналым басталған Күннен бастап әрбір алты ай сайын қайта қарастырылып отырылады.

Мұнда, сыйақы ставкасы өзгерген жағдайда, Эмитент облигациялар бойынша сыйақыны сыйақы ставкасы соңғы рет қарастырылған кезден бастап қайта қарастырылатын жаңа мерзім басталғанға дейін соңғы қайта қарастырылған сыйақы ставкасына қарай есептеп, сол бойынша нақты төлейді. Болатын купонды кезеңге сыйақы ставкасының мөлшері туралы ақпаратты Эмитент ставка белгіленетін купонды кезең басталатын күннің алдындағы жұмыс күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ сайтында жариялау арқылы облигация ұстаушыларына хабарлайды.

Бүкіл айналым мерзіміне облигациялар бойынша сыйақы ставкасының жоғарғы және төменгі шектері белгіленеді:

- сыйақы ставкасының жоғарғы шегінің мәні жылдық есеппен 8,5% құрайды;
- сыйақы ставкасының төменгі шегінің мәні жылдық есеппен 2% құрайды.

Облигациялар айналымы басталған Күн – соның ішінде облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген күні сыйақыны есептеу басталатын күн болып табылады.

Облигациялар бойынша сыйақы бүкіл кезең бойы есептеліп, облигацияларды өтеу Күніне дейінгі бір күн бұрын аяқталады.

Сыйақы бүкіл айналым мерзімі ішінде бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн және бір айда 30 (отыз) күн деген есеппен жарты жыл сайын жылына екі рет теңгемен төленеді. Сыйақы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күні басталғандағы жағдай бойынша алу құқығына ие тұлғаларға төленеді. Сыйақы облигациялар бойынша сыйақы алу құқығына ие

облигация ұстаушыларының реестрін тіркеген күннен кейінгі келесі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленеді.

Сыйақының соңғы төлемі облигацияларды өтеумен бір уақытта теңгемен жүргізіледі.

Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, облигациялар бойынша сыйақы төлемі сыйақы төленетін Күнгі белгіленген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша шетел валютасында жүзеге асырылуы мүмкін.

5) Облигациялардың айналымы мен өтелуі туралы мәліметтер:

Облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген күні облигациялар айналымының басталған күні болып табылады.

Облигациялардың айналым мерзімі – облигациялар айналымы басталған Күннен бастап 10 (он) жыл.

Облигациялардың өтелуі облигациялар бойынша соңғы төлеммен бір уақытта номиналды құны бойынша жүзеге асырылады. Облигациялар оларды өтеу Күніне дейінгі 1 (бір) күнтізбелік күн бұрынғы жағдай бойынша облигациялар ұстаушыларының реестріне тіркеушімен тіркелген облигация Ұстаушыларының шотына аудару арқылы өтеледі. Номиналды құны бойынша төлем және соңғы сыйақы сомалары облигацияларды өтеу Күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленеді.

Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, облигацияларды өтеу күні белгіленген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша шетел валютасында өтелуі мүмкін.

Облигацияларды өтеу күні облигациялардың айналым мерзімінің аяқталған күні болып табылады.

Эмитенттің орналасқан жері Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі және өтеген кезде облигациялардың номиналды құны бойынша төлеу жөніндегі міндеттемесін орындайтын жер болып табылады.

Облигациялар бойынша сыйақы және өтеген кездегі облигациялардың номиналды құны облигация ұстаушыларының реестрі мәліметтеріне сәйкес облигация Ұстаушыларының шоттарына осы сомаларды аудару жолымен төленеді.

6) Облигацияның ұстаушысына беретін құқықтары:

Облигация ұстаушысы төмендегі құқықтарға ие:

- Осы Проспектіге сәйкес облигацияларды өтеген кезде өзіне тиесілі облигациялардың номиналды құнын алу құқығына;
- Осы Проспектіге сәйкес облигациялар бойынша сыйақы алу құқығына;
- Осы Проспектіге және Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес өзіне тиесілі облигацияларға еркін өкімдік ету құқығына;
- Осы Проспектіге және Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес кепіл мүлкінің құнынан қанағаттандыру алу құқығына;
- Эмитенттің облигация Ұстаушыларының алдындағы міндеттемесінің орындауын қамтамасыз ететін кепіл мүлкінің жай-күйі туралы келісілген нысанда ақпарат алу құқығына;
- Облигация ұстаушыларының Өкіліне жазбаша өтініш беру арқылы Эмитент туралы қажетті ақпаратты алу құқығына;
- Эмитенттен немесе облигация ұстаушыларының Өкілінен осы Проспектіге сәйкес салынатын кепіл мүлкіне жасалған бақылау жөніндегі шаралардың нәтижелері туралы ақпаратты уақтылы алу құқығына;

- Облигация ұстаушыларының Өкілі өз міндеттерін орындамайтындығы немесе тиісті түрде орындамайтындығы туралы Эмитентке хабарлама жіберу құқығына. Мұнда, Эмитент облигация ұстаушыларының Өкілін ауыстыруға құқылы;
- Облигацияға деген меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтарға.

7) Облигациялар бойынша дефолт:

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт төмендегі жағдайлар басталған кезде жариялануы мүмкін:

- Эмитенттің сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемесін орындау 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп уақытқа кешіктірілсе;
- Эмитенттің облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу жөніндегі міндеттемесін орындау 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп уақытқа кешіктірілсе.

Эмитент сыйақы төлемі бойынша және/немесе облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу міндеттемесін орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, кешіктірілген күннен кейінгі келесі күннен бастап облигация ұстаушыларының пайдасына әрбір күн үшін кешіктірілген соманың 0,1 пайызы мөлшерінде сыйақы есептеледі.

Эмитент өз облигациялары бойынша дефолт жариялау үшін негіз болып табылатын жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сыйақы және/немесе облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу жөніндегі өз міндеттемесін тиісті түрде орындауға міндетті. Егер осы мерзім өткеннен кейін Эмитент өз міндеттерін орындамаса, облигация Ұстаушыларының мүдделері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигация Ұстаушылары Өкілінің қатысуымен қорғалады.

Облигация ұстаушыларының Өкілі төмендегі құқықтарға ие:

- Эмитенттен кепіл мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін, оның ішінде үшінші тұлғалардың қол сұғуы мен талаптарынан қорғау үшін қажетті шараларды қолдануды талап етуге;
- Эмитенттен облигация ұстаушылары Өкіліне кепіл мүлкін жоғалтып алу қаупі төнгендігі туралы, кепіл мүлкінің құрамында болған өзгерістер туралы, үшінші тұлғалардың бұзуы туралы және олардың осы мүлікке талаптары туралы бірден жазбаша хабарлауын талап етуге;
- Осы Проспектті орындаудың кез келген мүмкінсіздігі туралы облигация ұстаушыларының Өкіліне жазбаша түрде бірден хабарлауды талап етуге;
- Эмитенттің облигация Ұстаушыларының алдындағы міндеттемелерін орындауына және аталған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуіне қатысты ақпаратты қарауға рұқсат болуға;
- Эмитенттен кез келген есеп күні немесе тоқсан қорытындылары бойынша қаржы есебін беруді талап етуге;
- Облигация ұстаушыларының Өкілі Эмитенттің қаржылық жай-күйіне талдау жасау үшін аудиторлық ұйыммен расталған қаржылық есепті Эмитенттің жыл сайын беріп отыруын талап етуге;
- Осы Проспектіге сәйкес Эмитенттің өз міндеттемелерін орындауына қатысты ақпаратты, соның ішінде кепіл мүлкінің жай-күйі, сыйақы төлемі мен басқа да міндеттемелер туралы ақпаратты алу үшін сұрау беруге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте кепіл мүлкінің жай-күйі туралы Уәкілетті органға ақпарат беруге;

- осы Проспектімен белгіленген міндеттемелерін орындауына байланысты мемлекеттік органдарда және соттарда облигация Ұстаушыларының мүддесін өз құзыретінің шегінде танытуға;
- осы Проспектіге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигация Ұстаушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

Облигация Ұстаушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін облигация Ұстаушыларының Өкілі міндетті:

- облигация Ұстаушыларының құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы мүмкін жағдайларды анықтауға, аталған жағдайлар туралы оларға үш жұмыс күні ішінде хабарлауға;
- кепіл мүлкіне кепіл құқығын рәсімдеумен және тіркеумен байланысты құқықтық қарым-қатынастарда облигация Ұстаушыларының мүдделерін танытуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Уәкілетті орган мен облигация Ұстаушыларына облигация ұстаушыларының Өкілі ретіндегі өкілеттіктерінің тоқтауы туралы хабарлауға;
- Облигация ұстаушыларының Өкілі ретінде қызметіне қатысты ақпарат пен құжаттарды Уәкілетті орган мен облигация Ұстаушыларының сұрауы бойынша оларға беруге;
- Қызметтік, коммерциялық, заңмен қорғалатын басқа да мәліметтерді таратпауға;
- Эмитент облигация Ұстаушыларының алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепіл мүлкін таратуға;
- Заңдамаға және осы Проспектіге сәйкес Эмитенттің өз міндеттерін орындауына бақылау жасауға;
- Эмитент беретін мәліметтер бойынша осы Проспектімен бекітілген деңгейде кепіл мүлкі құнының сол күйінде қалуы үшін бақылау жасауға;
- Осы Проспектіге сәйкес облигация ұстаушылары Өкілінің міндеттерінің орындалуына қатысты ақпаратты облигация Ұстаушыларының сұрауы бойынша беруге;
- Эмитент облигациялары бойынша дефолт болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Проспектімен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде өз қызметтерін атқаруға;

8) **Облигацияларды орнықтыру мерзімі мен тәртібі:**

Орнықтыру мерзімі – облигациялардың айналым мерзімі ішінде.

Орнықтыру тәртібі – ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған рынокта.

Облигациялар жазылу арқылы ұйымдастырылмаған рынокта орнықтырылатын жағдайда, инвесторлар Эмитентке (облигацияларды орнықтыруға қатысатын ұйымдарға) жазбаша өтінімдер жібереді. Аталған өтінім инвестор (атауы немесе аты-жөні), болжамды сатып алатын облигациялардың саны, олардың кірістілігі туралы мәліметтерді қамтуы керек. Келісімге келген жағдайда, Эмитент пен инвестор облигацияларды сатып алу-сату шартын жасайды.

9) **Облигациялар бойынша қамтамасыз ету:**

Облигациялар ипотекалық заем шарттары бойынша талап ету құқығымен қамтамасыз етілген (соның ішінде, ипотекалық куәліктер кепілі), олар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес несиелер бойынша қамтамасыз ету ретінде болуы мүмкін, сондай-ақ Эмитенттің ақшасы (бұдан былай – Кепіл мүлкі) қабылдануы мүмкін.

Кепіл құрамына енгізілген кепіл мүлкінің тізімі Эмитент жүргізетін кепіл Реестріне енгізілген.

Ипотекалық заем шарттары бойынша талап ету құқықтарының кепіл шарты (соның ішінде, ипотекалық куәліктер кепілі) (бұдан былай – кепіл Шарты) Эмитент пен облигация Ұстаушыларының мүддесінде әрекет ететін облигация Ұстаушылары Өкілінің арасында жасалады. Облигация Ұстаушылары өздерінің кепіл ұстаушы ретіндегі құқықтарын облигация Ұстаушыларының Өкілі арқылы жүзеге асырады.

Эмитенттің аффилиирленген тұлғасы, Аудиторлары, тіркеушісі, облигацияларды әзірлеу, шығару, орнықтыру, өтеу процесіне қатысқан басқа да тұлғалар облигация Ұстаушыларының Өкілі бола алмайды. Облигация Ұстаушыларының Өкілі өз міндеттерін облигация Ұстаушыларының мүддесінде ғана орындайды.

Облигация Ұстаушыларының Өкілі төмендегі қызметтерді атқарады:

а) Эмитенттің осы Проспектімен белгіленген облигация Ұстаушыларының алдындағы міндеттерін орындауына бақылау жасайды;

б) Эмитенттің облигация Ұстаушыларының алдындағы міндеттерін орындауын қамтамасыз ететін мүліктің жай-күйіне бақылау жасайды;

в) Эмитенттің облигация Ұстаушыларының алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін мүлікке қатысты Эмитентпен кепіл шартын жасайды;

г) облигация Ұстаушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шараларды қолданады;

д) осы тармақтың а)-в) тармақшаларына сәйкес өз әрекеттері туралы және осы әрекеттерінің нәтижелері туралы облигация Ұстаушыларына хабарлайды.

Эмитент мәліметтердің дайын болуы үшін, соның ішінде өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуі үшін, олардың кепіл құрамына енгізілуі үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Кепіл мүлкін айырбастау, шығару және толықтыру бойынша болатын операцияларды Эмитент кепіл Реестріне сәйкес жазулар енгізу арқылы және заңдамаға сәйкес тіркеу арқылы белгілейді.

Эмитент айналымдағы облигациялардың жалпы номиналды құнының 100% төмен болмайтындай деңгейде облигациялар айналымының бүкіл мерзімі бойы кепіл мүлкінің құнын ұстап тұруға міндеттенеді.

Кепіл мүлкінің құнын есептеген кезде ипотекалық заем шарттары бойынша негізгі қарыз есепке алынады.

Эмитент облигациялардың қамтамасыз етілуі ретінде қызмет атқаратын кепіл мүлкінің жай-күйіне бақылау жасауды ұйымдастыру үшін «Центраудит-Казахстан» ҰАК» ЖШС аудиторлық компаниясымен (бұдан былай - Аудитор) кепіл құрамын таңдап тексеру арқылы кепіл мүлкінің жай-күйіне Аудитордың бақылау жасау тәртібін қарастыратын келісім жасайды.

«Центраудит–Казахстан» ҰАК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, орналасқан мекен-жайы: 480091, Алматы қ-сы, Төле Би к-сі, 73А, ол Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызмет атқару құқығына 1999 жылдың 27 желтоқсанында берілген МФЮ сериялы №0000017 Мемлекеттік лицензиясына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 1998 жылдың 25 қыркүйегінде банктік қызметке аудиторлық тексеру жүргізу құқығына берілген №14 лицензиясына, Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің 1998 жылдың 20 сәуірінде берген № 0000028 лицензиясына ие.

Аудитор әрбір 6 (алты) ай сайын Эмитенттің кепіл Реестрін беруі негізінде несие досьесі санының 2 (екі) пайызына тексеру процедураларын жүргізеді, бірақ несие досьелерінің кем

дегенде 20 (жиырмасын) қарауы керек. Тексерілуге тиісті несие досьесін Аудитор өз қалауымен таңдайды.

Аудитор кепіл мүлкінің сапасы мен жай-күйіне бақылау жүргізеді, сол үшін:

- а) Эмитенттен таңдалған ипотекалық заемдер (несиелер) жөнінде несие досьесін алады;
- б) Эмитент жүргізетін кепіл Реестріндегі ақпаратты тексереді;
- в) кепілді рәсімдеуге қатысты құжатнаманы зерттейді;
- г) несие бағалау және оны мақұлдау жөніндегі процедураларды өткізу фактісін анықтау үшін құжатнаманы зерттейді.

Аудитор талап ету құқығы кепілінің пәні болып табылатын тізім бойынша арифметикалық калькуляцияның дәлдігі мен дұрыстығын тексереді. Аудитор кепілді тексерумен байланысты барлық процедураларды 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде аяқтап, облигация Ұстаушыларының Өкілі мен Эмитентке есеп береді.

Эмитент бақылау жасау үшін қажетті барлық құжаттармен Аудиторды қамтамасыз етуге міндетті. Эмитент Аудиторға арналған несие досьелері тізімінің дайын болуы үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Аудитор өткізетін процедуралар халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткізілетін аудит болып табылмайды. Аудитордың жүргізетін бақылауы тек қана Эмитент пен облигация Ұстаушыларының Өкіліне кепіл мүлкінің жай-күйі туралы хабарлау үшін ғана арналған.

Кепіл заңдамамен белгіленген тәртіпте міндетті түрде мемлекеттік тіркелуі керек. Кепіл құқығы мемлекеттік тіркелген кезден бастап туындайды. Кепілдің тоқтауы да тіркелуі керек. Кепілді мемлекеттік тіркеу бойынша шығындарды төлеу Эмитентке артылады.

Кепіл мүлкі Эмитенттің облигацияларды өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді, және Эмитенттің дефолт жағдайында да кепіл мүлкін өндіріп алумен және таратумен байланысты облигация Ұстаушылары Өкілінің қажетті шығындарының орнын толтыруды қамтамасыз етеді.

Кепіл шарты төмендегі талаптарды қамтиды:

- Кепіл мүлкі Эмитентте болады. Эмитент кепіл мүлкіне өкімдік етуге құқылы, бірақ Эмитент кепілден шыққан ипотекалық куәліктердің жалпы құны Эмитенттің шыққан ипотекалық куәліктердің орнына енгізетін ипотекалық куәліктердің жалпы құнынан аз болмайтындай 15 күннен артық болмайтын мерзімде басқа ипотекалық куәліктермен толтыруы керек. Кепіл мүлкі облигациялар бойынша кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді Эмитент толық орындамайынша облигациялар ұстаушылары Өкілінің сақтауына берілуі мүмкін. Осындай беруден кейін кепіл мүлкінің сақталуы үшін облигация ұстаушыларының Өкілі жауапкершілік көтереді. Облигация ұстаушылары Өкілінің кепіл құқығы уәкілетті тіркеуші органда кепіл Келісім шарты мемлекеттік тіркелгеннен кейін туындайды.
- Эмитентте кепіл мүлкінің болуы мүліктің кепіл Келісім шарттарымен және/немесе кепіл Реестрінде аталған ипотекалық куәліктердің түпнұсқаларымен расталады.
- Эмитент облигация ұстаушыларының Өкіліне кепілге салынатын мүліктің үшінші тұлғалардың құқықтарынан (талаптарынан) бос, жекелеп алғанда, кепілге салынбағандығына, тыйым салынбағандығына, қандай да бір басқа түрде үшінші тұлғаларға шеттетілмегендігіне кепілдік береді.
- Кепілдегі мүлікті қайтадан кепілге салуға жол берілмейді.

Кепіл мүлкі сақтандырылмаған, бірақ ипотекалық заем келісім шарттарын жасаған кезде сақтандыру компаниясында заем алушының өмірін сақтандыру процедурасы және келісім

шарт бойынша қамтамасыз ету болып табылатын жылжымайтын мүліктің зақымдануына немесе жойылуына алып келетін жағдайлардан келісім шарт күшінде болатын бүкіл мерзімге сақтандыру процедурасы қарастырылады.

Облигациялар кепілдікпен немесе үшінші тұлғалардың аманатымен қамтамасыз етілмеген.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мақсатында айналым басталған Күннен 3 (үш) жыл өткеннен кейін Эмитент облигацияларын мерзімінен бұрын сатып алуға құқылы. Бұл жағдайда мерзімінен бұрын сатып алу Күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Эмитент мерзімінен бұрын сатып алу жайлы ақпаратты облигацияларды Ұстаушылардың жадына «Казахстанская газета» және «Қазақстанның қор биржасы» АҚ сайтында жариялау арқылы жеткізеді. Мерзімінен бұрын сатып алу туралы шешім Эмитенттің Директорлар кеңесімен қабылданады. Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу номиналдық құнын және сәйкесінше облигацияларға тиісті сыйақыны төлеу арқылы жүргізіледі. Мерзімінен бұрын сатып алу кезінде ақшаны қайтару тіркеушімен тіркелген мерзімінен бұрын сатып алу Күніне дейінгі 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын жасалған облигацияларды Ұстаушылардың реестрімен сәйкес мерзімінен бұрын сатып алу Күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды Ұстаушылардың шотына ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ облигация Ұстаушыларының мүддесін қорғайтын және өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Эмитентпен жасалған облигация Ұстаушыларының мүддесін таныту туралы келісім шартына, сондай-ақ осы Проспектіге сәйкес атқаратын облигация Ұстаушыларының өкілі болып табылады, оның орналасқан мекен-жайы: 480072, Алматы қ-сы, Шевченко к-сі, 100, байланыс телефоны: (3272) 584158.

Тіркеуші «Регистр – Центр» АҚ облигация Ұстаушыларының реестрін құрады, жүргізеді және сақтайды, оның орналасқан мекен-жайы: 480013, Алматы қ-сы, Шевченко к-сі, 15А, телефоны: (3272) 588806, 912893. Тіркеуші Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің бағалы қағаздар ұстаушыларының реестрлерінің жүйесін жүргізу қызметін атқаруға 2004 жылдың 13 ақпанында берген №0406200279 лицензиясының және Эмитентпен жасалған келісім шарттың негізінде әрекет етеді.

Президент

Кусаинов С.А.

Бас бухгалтер

Кожанбаева Г.Н.